

жолына арнайды. Қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, «Әліпбиін» араб графикасымен жазып, ғылыми түрде латын графикасына қарағанда бізге жақын екенін дәлелдеп берді (Баку, 1926 ж.). Ахмет Байтұрсынұлы «Егерде біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда, тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек», - айтқан сөзінен тілге құрмет жоғары мәртебеде болуы тиіс екенін нақты айтады. Бұл сөзі қазіргі күні де өзекті мәселелердің бірі. Жарқын тұлғаның, талантты ақынның, ұлы реформатордың, атақты ғалымның еңбектерін әлем халықтарының тілдеріне аударса – үлкен іс болады. Ахмет Байтұрсынұлының мұрасы өз халқының ғана емес, әлем халықтарының мұрасының бір бөлігіне жатады. Ғалымның еңбегі барлық адам баласына қол жетімді болуы керек деген ойдамыз. Өзге Алашордалықтар секілді Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқының болашақта үлкен жетістіктерге жетіп, бәсекеге қабілетті болатынына кәміл сенді, және осы жолда өмірлерінің соңына дейін қызмет қылды.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімелер, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
2. Байтұрсынұлы А. Қырық мысал. Өлеңдер. - Алматы: Жазушы, 2004. - 120 б.
3. Нысанбаев Ә. Қазақ. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.
4. Байтұрсынұлы, А. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: Алаш. 5 том: Ер Сайын. 23 жоқтау мақалалар.-2006.- 288 б.
5. Байтұрсынов, А. Тіл тағылымы /Құрастырған Г.Әнесов, А.Мектепов. - Алматы: Ана тілі, 1994. -446 б.
6. Байтұрсынов, А. Шығармалары Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. - Алматы: Жазушы, 1989. - 319б.

**Усенова З.А.**, академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды университеті, философия және психология факультеті, П-21 тобы, студент  
(*Ғылыми жетекші — т.ғ.к., асс.профессор Жумасұлтанова Г.А.*)

## ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ ТЕРРОРИЗММЕН КҮРЕСУ ЖОЛДАРЫ

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізгенінен бүгінге дейін Қазақстан әлемдік деңгейдегі елдермен бәсекелес бола алатынын дәлелдеді. Барлық сала жағынан халықаралық деңгейде белсенді түрде даму үстінде. Бірақ қоғамды уайымдататын мәселелерде аз емес. Сол мәселелердің бірі – терроризм болып табылады. Соңғы он жылдықта терроризмнің зияны мен жиілігі адамзаттың ең үлкен халықаралық проблемасына айналды.

Терроризм бірден пайда болған жоқ. Ол ұзақ жылдар бойы түрлі бағытта дамып, осы күнге дейін өсіп келеді. Тарихтағы алғашқы ұйымдасқан лаңкестік топтардың бірі - сикария. Бұл атау латынның “sica” - “қанжар” - ал сөзбе-сөз аударғанда “қанжаршылар” деген мағына береді. Сикарийлердің іс-әрекеттерінде діни фанатизм мен саяси терроризмнің үйлесімі байқалады. Қиындық болған кезде олар қуаныш әкелетін нәрсені көрді және жеккөрінішті режимді құлатқаннан кейін Құдай өз халқына көрініп, оларды азаптан құтқарады деп сенді [1].

Қазіргі кейбір әдебиеттерде терроризм - экстремизмнің көрінісі: жарылыстар, өртеу, радиоактивті және күшті заттарды қолдану, апаттарды ұйымдастыру, адамдардың қаза болу қаупін туғызу немесе адамдарды ақшаға айырбастау және оларды жою деген мағынада түсіндіріледі [2, 19].

XX ғасырда лаңкестік әдістерін пайдалану жиіленіп мемлекеттік деңгейге дейін жетті. Соның ішінде, КСРО-дағы “қызыл террор” мен фашистік Германиядағы “ұлтшылдық террор” өз азаматтарына қарсы жасалған лаңкестіктің айқын көрінісі болды деп есептеуге болады. Ал, Араб елдері мен Израильдің қарым-қатынасы қатаң да аяусыз лаңкестік соғыстың басталуына әкелген. Міне осы кезеңдерде террор әрекеттері көп байқалған деген пікірлер ғалымдар арасында баршылық [3, 59].

Қазіргі таңда әлемді алаңдатып отырған маңызды діни мәселелердің бірі, тіпті ғаламдық мәселелердің қатарына жатқызуға да болатын құбылыс – діни экстремизм мен терроризм деп айтуға болады. Мысалы, 2020 жылы терроризм әрекеті бойынша 136 мемлекеттің рейтингісі жарияланды (Кесте 1) [4]. Осы рейтинг бойынша біздің еліміз 93 орынға жайғасқан.

Терроризм әрекеттері бойынша мемлекеттердің статистикасы  
(2020ж.)

№	Мемлекет	Әсер ету индексі	Дәрежесі
1	Ауғанстан	9,592	өте жоғары
2	Ирак	8,682	
3	Нигерия	8,314	
4	Сирия	7,778	Жоғары
7	Пакистан	7,541	
8	Индия	7,353	
36	Украина	4,692	Орташа
39	Россия	4,542	
92	Қырғызстан	0,950	Өте төмен
93	Қазақстан	0,901	
134	Өзбекстан	0,010	
135	Түркменстан , Беларусь	0.000	Террористтік әрекеттер байқалмайды

Діни экстремизм мен терроризмнің бастапқы идеялары бойынша дәстүрлі діндерге сүйеніп, олардың өнін айналдырып, бұрмаланған күйде танитын және өзінің сол позициясын ақиқат ретінде дәйектеуге тырысатын бүлікшіл пиғыл тек Қазақстанға емес, дүниежүзіне өте үлкен қауіп төндіріп отыр. Соңғы жылдары әлемде террористік әрекеттердің жүздегені болып, оның салдарынан мыңдаған адам қаза тауып, тағы мыңдағаны ауыр жарақаттар алуда. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, террористік актілер тек шиеленіс аймақтарында ғана емес, сонымен қатар дамыған елдерде де орын алуда. Терроризмнің басқа жаһандық проблемалармен байланысы ашық түрде болуда. Сондай мәселелер қатарында мемлекеттер аралық қатынастардың қиындатуын, ұлтаралық және діндер арасындағы қатынастардың өткірленуін, халықаралық қылмыстың көбеюін және т.б. айтуға болады.

Қазіргі таңда өзіміздің елімізде терроризм ауқымды, халыққа тигізу зияндығы бойынша үлкен мәселеге айналып отыр. Қазақстанда терроризмнің жаппай болуы осыдан 8-9 жыл бұрын яғни 2011 жыл 17 мамыр - 2012 жыл 21 қыркүйек шамасында Қазақстан аумағында болған, «терроризмге қатысы бар» деп аталған оқиғалар кезінде 74 адам (оның 12-сі - полицейлер мен арнайы жасақ сарбаздары) қаза тапты [5]. Осы келтірілген мәліметтер бойынша жалпы террорлық әрекеттер Батыс Қазақстан облысында Атырау, Ақтөбе және оңтүстікте Алматы облысында көп тіркелген.

Көп жағдайға қатысты террорлық іс-әрекеттердің туындауы келесі себептермен байланыстыруға болады:

- біртұтас мемлекеттің ыдырауы және сепаратизм мен ұлтшылдықтың күшеюі;
- халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының нашарлауы, қоғамның маргиналданған және люмпенизацияланған топтарының үлесін арттыру, қоғамдағы әлеуметтік шиеленістің өсуі;
- саяси партиялар мен қозғалыстардың күші үшін күрес; қоғамның криминализациясы;
- азаматтардың құқықтық нигилизмі, яғни қоғамда белгілі бір мәдени мұраларды, діни нормалар мен құндылықтарды жоққа шығару.

Егер әлеуметтік-экономикалық себептерді қарастыратын болсақ, олардың арасында мыналарды бөлуге болады:

- елдегі өмір сүру деңгейінің төмендігі, өйткені, егер адам меншік құқығынан айырылса, террористік акт жасау туралы шешім қабылдау оңайырақ болуы мүмкін;
- жұмыссыздықтың өсуі;
- бір қатар әлеуметтік топтардың дағдарыстық жағдайы;
- террордың пайда болуының идеологиялық себептері;

- зорлық – зомбылықты насихаттайтын ағымдардың болуы (олардың ішіндегі ең көп тарағаны - ваххабизм);
- қазіргі қоғамның дағдарысы, адамгершілік құндылықтардың бұрмалануы;
- ұлттық өзін-өзі растау сияқты мәселелер қылмыстық әрекеттерге итермелейді.

Елдегі қылмыстық террәкттарды Қазақстан үкіметі Исламдық экстремизммен байланыстырды, оған қоса елде болған экономикалық жағдайларды айтуға болады. Оны дәлелдегу осы биылғы жылы қантардың басында елімізде болған қайғылы уақиғаларды да мысалға келтіруге болады. Бұл жолда, «негізгі ұстаным - адасқандар экстремистік қозғалысқа қатысу іс-әрекеттері дұрыс емес және одан құтылу жолы жоқ екендігін саналы түрде түсінеді, бірақ ұстанымдарынан бастарталмай жүреді. Ал оның себебі, не билікке сенімнің жоқтығы және ұлтының діни сеніміне қарсы шықпау» деген пікірмен келісуге болады [6, 105].

Осындай көптеген қылмыстық әрекеттерді алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасында 2013-2017 жылдарға арналған “Діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес” мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Бағдарламада лаңкестіктің алдын алуға жұртшылықты жұмылдыруға және мақсатты топтар арасында ақпараттық үгіт-насихат жұмыстарын жетілдіруге жете мән берілген.

1999 жылы 13 шілдеде Қазақстанда “Терроризмге қарсы күрес” туралы заң қабылданған болатын. Сонымен қатар елімізде діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018–2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама бекітілген болатын. Бұл бағдарламаның мақсаты діни экстремизмнің зорлық-зомбылық көріністері мен терроризм қауіптерінен адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету болды [7].

Терроризмге қарсы күрестің негізгі субъектілері мемлекеттің өзі, биліктің заң шығарушы және атқарушы тармақтары болуға тиіс. Арнайы қызметтер мен құқық қорғау органдары терроризмге қарсы іс-қимыл тәжірибесінде, ең жоғары саяси деңгейде елеулі әлеуметтік, ұлттық, экономикалық және басқа да проблемалардың немқұрайдылығының салдарымен бетпе-бет келеді.

Бүгінгі таңда осы мәселелер бойынша еліміздегі барлық кәсіпорындар, мекемелер мен компаниялар өз қызметкерлерінің терроризм мен экстремизмге қарсы сауатын арттырып жатыр. Мұсылмандар діни басқармаларында да, мешіттерде де діни экстремизмнің алдын-алу жұмыстарын жүргізіп жатыр.

2006 жылғы қазанда Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының мәлімдемесі бойынша Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотымен келесі халықаралық ұйымдар террористік деп танылып, олардың Қазақстан аумағындағы қызметіне тыйым салынған болатын. Олар: «Шығыс Түркістан ислам партиясы», «Күрд халықтық конгресі», «Өзбекістан ислам қозғалысы», «Әсбат-әл-Ансар» және т.б. ұйымдар. Кейін Нұр-Сұлтан қаласы сотының шешімімен тағыда үш ұйым «Хизб-ут-Тахрир-әл-ислами», «Аум Синрике» және Шығыс Түркістанды азат ету ұйымдарының қызметіне тыйым салынды. «қара тізімге» енгізілген барлық ұйымдар халықаралық террористік құрылымдар болып табылады, олардың қызметі көбінесе Қазақстанның айналасына, көрші елдерге қарсы бағытталған болатын. Бұл жағдай олардың бізден гөрі сыртқы елдерге төніп тұрған қауіп-қатер екенін растағандай болды [8].

Терроризмге қатысы бар қылмыскерлер Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексіне сәйкес жазаланады. Мысалы, 2003-2011 жылдар аралығында еліміздің аумағында террористік іс-әрекетке байланысты қылмыс жасағаны үшін тұтқындалған және сотталған адамдар саны төменде 2-ші кестеде көрсетілген [9]:

Кесте 2

Террористік іс-әрекетке байланысты қылмыс жасағаны үшін тұтқындалған және сотталған адамдар саны

	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011 I-тоқсан
Қылмыскерлер деп танылған адамдар саны:	116	220	66	333	114	222	224	331	7

Көріп тұрғанымыздай осы жылдар аралығында террористік қылмыс жасағандар жалпы саны 1633 адам. Осы кезеңде Қазақстан үшін терроризм проблемасы көбінесе республика аумағында қашқын террористердің, яғни террористік іс-әрекеті және заңсыз әскери

құрылымдарға қатысқаны үшін басқа мемлекет азаматтарының біздің елде жасырынуымен байланысты болды.

Қазіргі таңда Қазақстан терроризм қауіпі төмен мемлекеттер қатарында тұр. Себебі Қазақстанда терроризмге қарсы мемлекеттік бағдарламалар жоғарғы деңгейде жұмыс жасайды. Мысалы, көптеген қоғамдық мекемелерде, білім беру орталықтарында халықты террорға қарсы іс-шаралармен таныстыру, жастар арасында дебат жұмыстары сияқты іс-шаралар жүргізіліп отырады.

Қорытындылай келе, террор әрекеті - қаталдықтың, саяси зорлықтың белгілі бір түрі. Террористтік қауіп ешкім бақылап, алдын ала біле алмайды. Мысалы, терроризм жиі болатын Сирияда терроризм әрекетін жеңсек те оның басқа жерде болмауына кепілдік болмайды. Менің ойымша, терроризмнің болуы ол, қоғамның шашыраңқы, шет-шетіне бөлініп, ажырап кетуінен болады. Терроризм жиі байқалатын басқа мемлекеттерге қарасақ, елде бірліктің, бейбітшілік, қанағаттың болмауынан туындайды. Сондықтан да осындай терроризмге жол бермеу үшін ең алдымен қоғамның достық пен татулықта өмір сүруінен бастау керек және бүкіл әлем бірлесе отырып онымен күресуі керек.

#### Әдебиеттер:

1. Терроризм тарихы / [https://studbooks.net/556089/politologiya/istoriya\\_terrorizma](https://studbooks.net/556089/politologiya/istoriya_terrorizma)
2. Көшімбаев С.Қ. Айбын энциклопедиясы / Бас ред. Б.Ө.Жақып, редакторы Д.Махранов. Алматы, 2011. - 880 бет.
3. Вишняков Я.Д., Киселева С.П., Васин С.Г. Противодействие терроризму / Редакторы Я.Д.Вишняков. Академия, 2012 - 256 бет.
4. Рейтинг опасных стран по уровню терроризма / <https://optimism.kz/2020/12/20/rejting-opasnyh-stran-po-urovnyu-terrorizma->
5. Қазақстандағы терроризм картасы / [https://www.azattyq.org/a/kazakhstan\\_terrorism\\_map\\_by\\_timeline\\_meograph/24734075.html](https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_terrorism_map_by_timeline_meograph/24734075.html)
6. Кусбеков Д.К. Заманауи діни экстремизм мен терроризм. – Қарағанды, 2017. - 211 б.
7. Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл / <http://adilet.zan.kz/kaz/>
8. Қазақстандағы терроризмнің қауіп-қатері / <https://abai.kz/post/9087>
9. Ақпарат агенттігі / <http://www.zakon.kz/68872-za-uchastie-v-terroristiche..>, 03.02.06ж.